

Су объектілерін кеме жүзетін су жолдары санатына жатқызу ережесін және кеме жүзуі үшін ашық кеме жүретін су жолдарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 105 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 маусымдағы 19-2/510 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 105-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Су объектілерін кеме жүзетін су жолдары санатына жатқызу ережесі;
- 2) Кеме жүзуі үшін ашық кеме жүретін су жолдарының тізбесі бекітілсін.

2. "Су жолдарын кеме жүзетін жолдар санатына жатқызу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 тамыздағы N 931 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

29

қаңтардағы

N 105

қаулысымен

бекітілген

**Су объектілерін кеме жүзетін су жолдары санатына жатқызу
Ережесі**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес әзірленді және су объектілерін кеме жүзетін су жолдары санатына жатқызу тәртібін белгілейді.

2. Олар бойынша жүк пен жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыру мүмкін болатын әрі орынды су объектілері кеме жүзетін су жолдары санатына жатады.

3. Ішкі су жолдары навигация кезеңінің белгіленген мерзімінде олардың тиесілілігі мен меншік нысанына қарамастан кемелердің іркіліссіз әрі қауіпсіз жүзуі үшін кеме жүзуінің тиісті габариттерін, кеме жүзетін гидротехникалық құрылыстардың (шлюздердің) жұмыс істеуін, су жолдарын пайдалану кезінде экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

4. Су жолдары арқылы жүк пен жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыру мүмкіндігін әрі орындылығын көлік, коммуникация кешенінде басшылық пен салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы (бұдан әрі - орталық атқарушы орган) айқындайды.

5. Орталық атқарушы орган су объектілерін кеме жүзетін су жолдары санатына жатқызу және су объектілерін немесе олардың бір бөлігін (шекарасын көрсетіп) кеме жүзуі үшін ашық кеме жүзетін су жолдарының тізбесіне енгізу туралы ұсыныстар дайындайды және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді.

6. Ұсыныстар негіздемелерді қамтиды, оларда: тасымалдау мен негізгі жүк ағындарының көлемі; тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымның атауы; жол габариттерінің қысқаша сипаттамасы; су жолдарын пайдаланудың ерекшеліктері; су жолдарына қызмет көрсету жөніндегі ұсыныстар; су жолын ұстау шығындарының есептеулері; су объектісінің схематикалық жоспары мен гидрологиялық сипаттамасы көрсетілуі тиіс.

7. Су объектілерін кеме жүзетін су жолдары санатына жатқызу жөніндегі ұсыныстар:

су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті органмен; қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органымен;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

29

қаңтардағы

Кеме жүзуі үшін ашық кеме жүзетін су жолдарының Тізбесі

1. Қара Ертіс өзені (Қытай Халық Республикасымен шекарадан бастап) Зайсан көлі - Ертіс өзені Бұқтарма, Өскемен және Шульба су қоймаларымен бірге (Ресей Федерациясымен шекараға дейін).

2. Іле өзені, Қапшағай су қоймасымен бірге Қытай Халық Республикасымен шекарадан бастап Қапшағай СЭС бөгетіне дейін.

3. Жайық - Каспий арнасы.

4. Балқаш көлі.

5. Есіл өзені, Петропавл су қоймасының бөгетінен бастап Солтүстік Қазақстан облысының Пришимка кентіне дейін.

6. Қығаш өзенінің учаскесі (Волга өзенінің саласы) Қазақстан Республикасының аумағы.

7. Жайық өзенінің учаскесі, Ресей Федерациясынан бастап оның сағасына дейін.

8. Сырдария өзені, Қызылорда қаласы мен паром өткелдерінің маңы.

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.29. № 1318 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.